КазМедСофт

ЦИФРЛЫҚ ТІРКЕУ БӨЛІМІ

ЖИ Мейірбике *Айжан*

Емханаға келген адам дәрігерге өзі жазыла алады: ЖСН-ін енгізеді де, бір-екі минутта ыңғайлы уақытты таңдайды. Жазба сол сәтте емхананың ақпараттық жүйесіне түседі.



МӘСЕЛЕ

Дәрігерге жазылу үшін әлі күнге дейін тіркеу бөлімінің алдында кезекке тұруға тура келеді

Холлда — кезек

Қабылдау уақытын білу үшін адам емханаға арнайы келіп, терезе алдында күтіп тұрады.

Тіркеушінің қолы тимейді

Күнделікті жазылу тіркеушінің бар уақытын алады да, шынымен көмек керек адамдар күтіп қалады.

Қосымша бәріне бірдей ыңғайлы емес

Үлкен кісілер мен ауыл тұрғындарына смартфонмен жазылғаннан гөрі емханаға келген оңайырақ.

Айжанның қолынан не келеді

Дәрігерге жазылу

Дәрігер мен уақытты адам өзі таңдайды

Электрондық талон

Қағаздың орнына — QR-код

Айжанның дауысы

Әр қадамда жол көрсетеді

Қазақша және орысша

Тіл бір батырмамен ауысады

Көзі нашар көретіндерге

Ірі әріп, анық түстер

Дауыспен басқару

Сұраққа дауыспен жауап беруге болады

Шұғыл көмек

Интернет болмаса да тіркеу бөліміне хабар береді

Күту экраны

Емхананың бейнесі мен анықтамасы

Екі минут ішінде Дәрігерге жазылу

- Пациент ЖСН-ін енгізеді, Айжан оны емхананың жүйесінен тауып алады
- Бөлімшені, дәрігерді және бос уақытты өзі таңдайды
- Жазба бірден МАЖ-ға түседі, тіркеушінің қайта енгізіп әуре болуы қажет емес





Электронды талон

- Дәрігер, кабинет, күні мен сағаты — бәрі экранда
- Талонды суретке түсіріп алуға немесе QR-кодын телефонмен оқуға болады
- Принтер де, қағаз да, картридж де керек емес



Айжан пациентпен тілдеседі

- Әр қадамды дауыстап түсіндіреді, науқас ештеңені өзі іздеп әуре болмайды
- Қазақша да, орысша да сөйлейді, тілді бір батырмамен ауыстыруға болады
- Науқастың дауыстап берген жауабын түсінеді
- Науқас қауіпті белгілерін айтса, бірден қызметкерді шақырады



Үлкен кісілерге де, көзі нашар көретіндерге де ыңғайлы

- Арнайы режим бір батырмамен қосылады: әріптер ірі, ақ фонда қара мәтін
- 43 дюймдік үлкен тік экран, ірі батырмалар
- Келесі не істеу керегін Айжан дауыстап айтып отырады

Кез келген экранда «Көмек шақыру» батырмасы бар

- Хабар тіркеу бөліміне бірден жетеді, интернет болмаса да
- Тіркеушінің экранында дыбыстық белгісі бар терезе шығады, «Қабылдадым, барамын» басылғанша жабылмайды
- Пациент «Көмек жолда» деген жазуды көріп, дауысын естиді



Жүйе тек қызметкерлерге хабар береді, жедел жәрдем шақырудың орнын баспайды.

Терминал бос тұрса да, пайдасын тигізеді

- Емхананың бейнероликтерін кезекпен көрсетеді
- Анықтама бөлімі: мекенжай, қабылдау уақыты, телефондар
- Ұсыныс пен шағымға арналған QR-код емхананың поштасына не WhatsApp-ына апарады





Емхана не ұтады

Тіркеу бөлімінде кезек азаяды

Қарапайым жазылуды пациенттер өздері жасайды, ал қызметкерлер көмекке зәру адамдармен айналысады.

Жазба МАЖ-ға өзі түседі

Ешкімге қайта енгізудің де, қағазға тізім жүргізудің де керегі жоқ.

ҚР ДСМ бұйрықтарына сай

[ҚР ДСМ бұйрықтарының тізімі]

Сұранысыңызға қарай бейімдейміз

Айжанды емхананың жұмыс тәртібіне қарай баптаймыз, қажет болса жаңа мүмкіндік қосамыз.

Диагностикадан техникалық қолдауға дейін — төрт кезең

Енгізу мерзімі — 15 күн

1-КЕЗЕҢ

Диагностика

Медициналық ұйымның жұмысымен танысып, қандай мәселені шешу керегін анықтаймыз.

2-КЕЗЕҢ

Талаптарға сай шешім

Дайын шешімімізді тапсырыс берушінің жұмыс тәртібіне бейімдейміз немесе жаңасын жасаймыз.

3-КЕЗЕҢ

Енгізу

Терминалды орнатып, жүйелеріңізге қосамыз, қызметкерлерді үйретеміз.

4-КЕЗЕҢ

Техникалық қолдау

Іске қосылғаннан кейін де жүйені жаңартып, сұрақтарыңызға жауап беріп, кеңес беріп отырамыз.

КӨРСЕТІЛІМ

Айжанды *өз көзіңізбен* көріңіз

Онлайн көрсетілім өткізіп, пациенттің бүкіл жолын — сәлемдесуден бастап талонға дейін көрсетеміз. Холлды, желіні және МАЖ-ға қосылуды алдын ала бірге талқылаймыз.

КазМедСофт

БАСШЫ

Дидар Амангелді

ТЕЛЕФОН

+7 777 800 3532

ПОШТА

ceo@kazmedsoft.kz

«КазМедСофт» ЖШС